







Құнанбай көшесі -123А,
Әдістемелік-библиографиялық
бөлім
gucbs@mail.ru
2023 жыл



Ерейментау ауданы ішкі сәлсан,
дамыту болымның жапындағы темін
«Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»





Шәкәрім Құдайбердіұлының даналық дүниетанымы

*Қырық жасан асқаннан кейін ақыл, дүние
болмысына өзгеше қарайды.*

Шәкәрім Құдайбердіұлы — қазақтың ұлы данышпан ойшылы. Қазақ философиясында ар, ұят, ынсап, қайғы мәселелерін философиялық логикада тұңғыш рет қарастырған ойшыл. Өз философиясында ақыл-ой, ұждан мәселелерін анықтаған. Ұждан дегеніміз — ынсап, мейірім, әділет. Бұл екі өміргеде керек іс. Жанға азық болатын құндылық. Ақыл-ойдың жиырма сегіз түрін көрсеткен. Соның ішінде сау ақыл деп соған ерекше тоқталған философ. Адамды басқа тірі жандылардан өзгешелендіретін оның ақыл-ойы емес пе, Шәкәрім өз философиясында дүниені танушы, адамды адамдық негізге жетелейтін, ең негізгі қасиеті ретінде ақыл-ойды қарастырған. Шәкәрімнің ең негізгі еңбектерінің бірі — «Үш анық». Ол философиялық трактат — адамзат баласының рухани дамуындағы қазақ философиясындағы ең ірі туындылардың бірі. Шәкәрімнің ойынша, әлемде бірде-бір құбылыс өз алдына кездейсоқ болып жатқан жоқ, барлығының түбінде белгілі бір себеп жатыр.

*Қырықтан аса бергенде,
Ақылым қылды шерменде:
«Дінім қалай, ханым не,
Жоғалам ба өлгенде?
Әлемді кім жаратқан,
Осынша түрлеп, таратқан?
Көрінген сансыз планет.
Бірінен-бірі бөлген бе?
Ақырет деген немене,
Шыққан жан қайтып келе ме?
Кіре ме осы денеге,
Дәлелі қайсы сенгенде?...»
Осы оймен Мекке барғамын,
Әр түрлі кітап алғамын.
Ақылға сыймас жалғанын,
Алмадым сынай келгенде*

Бұл өмірдің мәні жайындағы толғаныстары. Шәкәрім ой дертіне ұшырайды. Елден безіп, оңаша жер іздейді. «Қауымнан қаштым қағылып, оңаша өмір сағынып» — дей келе, «ойға оңаша жер керек», — деп қапаланады. Елден безіп кеткен менде ешкімнің жұмысы болмаса деген Шәкәрімнің дәмесінен ештеңе шықпады. Қайта оны тау ішінде жападан-жалғыз тұруы өкіметті күдіктендірді.

*Ақыры ол «бандит» атанып, Қарасартовтың
қолынан қаза тапты.*

Шәкәрім өз дүниетанымында «менің ішкі дүниеме кірер бұрын, бес сауалға жауап бер» деген.

Бірінші сауал: Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?

Екінші сауал: Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

Үшінші сауал: Адамға өлгенен соң рахат-бейнет бар ма?

Төртінші сауал: Ең жақсы адам не қылған кісі?

Бесінші сауал: Заман өткен сайын адамның адамгершілігі түзеліп бара ма, бұзылып бар ма?

Осындай адамзат ойланарлықтай бес түрлі сұрақ қойған

